№4 (460)
30 сәуір
2021 жыл

# Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

# СТУДЕНТТІҢ ЕҢ ЖАҚЫНЫ



Әлия ҰЛЫҚПАНОВА «Үздік куратор-эдвайзер-2021» байқауының бас жеңімпазы Zhubanov University «Қазақ филологиясы» кафедрасының аға оқытушысы гуманитарлық ғылымдар магистрі

4-5 бб

## Осы санда



ҒЫЛЫМҒА АРНАЛҒАН АПТАЛЫҚ
6-7 бб



УЧИТЕЛЬ ФИЗКУЛЬТУРЫ — ВОСТРЕБОВАННАЯ ПРОФЕССИЯ
8-стр



ТЕОРИЯ ТӘЖІРИБЕМЕН ҰШТАСҚАНДА
14-б

Басты жаңалықтар | Главные новости | Main news

## ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ СКРИПКАШАСЫ

Қазақ халқынан шыққан тұңғыш скрипкашы Әлім Алмат (Ғалымжан Әбсалямов) 1917 жылғы сәуірде Ақтөбе облысының Ырғыз ауданының топырағында дүниеге келген. Ол — атақты Сардар Алмат Тобабергенұлының шөбересі. Әлім Алмат жастық шағын атасы Төремұрат Алматұлының жайлауында, қазіргі Әйтеке би ауданының Аққұм ауылында өткізген. Болашақ музыкант 1930-жылдары Өзбекстан Халық комиссары Темірбек Жүргеновтың қамқорлығымен Ташкенттегі музыка мектебінде оқиды. Кейін Т.Жүргенов Өзбекстаннан Қазақстанға қызметке ауысқанда, бірге келіп, Алматы қаласындағы музыка мектебінің скрипка бөлімінде оқуын жалғастырған. 1936 жылы А.Жұбановтың ұйымдастыруымен құрылған Қазақ ұлт аспаптар оркестрі құрамында Мәскеу қаласында өткен Қазақстан мәдениеті мен өнерінің онкүндігіне қатысып, өнер көрсеткен. 1939 жылы Кеңестік Армия қатарына алынады. 1941 жылы, соғыстың алғашқы күндерінде, Брест-Литовск маңында тұтқынға түскен. Тұтқыннан босаған соң, Париж консерваториясына оқуға түсіп, бітіргесін, 1950-жылдардың басында Түркияға қоныстанады. Оған дейін 1947- 1949 жылдары, белгілі алаш қайраткері Мұстафа Шоқайдың зайыбы — Мария Шоқайдың Францияның Ножансюр-Марн қаласындағы үйінде тұрады. Әлім Алмат Мария Яковлевна Шоқайды анасындай сыйлап, хат алысып, хабарласып отырған. Берлиндегі Мұстафа Шоқайдың ескерткішін орнату жұмыстарына тікелей ат салысқан. Оның Мария Шоқаймен алысқан хаттары негізінде 2001 жылы кітап шығарған. Мария Яковлевнаның аманатын орындап, М.Шоқайдың бірқатар тұтынған бұйымдарын: жазу машинкасын, қаламсап, хаттарын елімізге жеткізген де Әлім Алмат еді.

Ширек ғасырдан астам Ыстамбұл симфониялық оркестрінде скрипкашы болды. Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы Алматы қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайына қатысып, 53 жылдан кейін салып, туған елімен, туысқандарымен қауышты.

Әлім Алмат 2018 жылдың 1 ақпанында Ыстамбұл қаласында 101 жасында дүниеден озды. Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінде 2018 жылы Әлім Алмат атындағы оқу кабинеті ашылды.



## ПЕРВЫЙ КАЗАХСКИЙ СКРИПАЧ

Первый казахский скрипач Алим Алмат (Галымжан Абсалямов) родился в апреле 1917 года в Иргизском районе Актюбинской области. Он правнук знаменитого Сардара Алмата Тобабергеновича.

Юность Алим Алмата прошла на летних пастбищах дедушки Торемурата Алматовича, ныне в селе Аккум Айтекебиского района. В 1930-е годы будущий музыкант учился в Ташкентском музыкальном училище под руководством наркома Узбекистана Темирбека Жургенова. Когда Т. Жургенов получил должность и переехал из Узбекистана в Казахстан, он последовал за ним и продолжил учебу на скрипичном отделении музыкальной школы в Алматы. В 1936 году он участвовал в декаднике культуры и искусства Казахстана в Москве в составе Казахского национального инструментального оркестра, организованного А. Жубановым. В 1939 году поступил на службу в ряды Советской Армии. В первые дни войны попал в плен близ Брест-Литовска. После освобождения поступил в Парижскую консерваторию и в начале 1950-х переехал в Турцию. В период с 1947 по 1949 год он жил в доме Марии Шокай, супруги известного активиста Алаш Орды Мустафы Шокая, во французском городе Ногансур-Марн. Алим Алмат относился к Марие Яковлевне Шокай как к матери, переписывался с ней и принимал непосредственное участие в установке памятника Мустафе Шокаю в Берлине. В 2001 году он опубликовал книгу на основе своей переписки с Марией Шокай. Именно Алим Алмат выполнил поручение Марии Яковлевны и доставил в нашу страну ряд товаров народного потребления, пишущие машинки, ручки и письма М.Шокая.

Более четверти века он был скрипачом в Стамбульском симфоническом оркестре. После обретения независимости Казахстан принял участие в первом Всемирном конгрессе казахов в Алматы в 1992 году, когда спустя 53 года снова встретился со своей родиной и родными.

Алим Алмат скончался 1 февраля 2018 года в Стамбуле на 101 году жизни. В 2018 году в Zhubanov University открылся кабинет имени Алиму Алмату.

## THE FIRST KAZAKH VIOLINIST

The first Kazakh violinist Alim Almat (Galymzhan Absalyamov) was born in April 1917 in the Irgiz district of the Aktobe region. He is the great-grandson of the famous Sardar Almat Tobabergenovich. Alim Almat's youth passed on the summer pastures of Toremurat Almatovich's grandfather, now in the village of Akkum, Aytekebiskiy region. In the 1930s, the future musician studied at the Tashkent Music College under the leadership of the People's Commissar of Uzbekistan Temirbek Zhurgenov. When T. Zhurgenov received the position and moved from Uzbekistan to Kazakhstan, he followed him and continued his studies at the violin department of the music school in Almaty. In 1936 he participated in the decade of culture and art of Kazakhstan in Moscow as part of the Kazakh National Instrumental Orchestra, organized by A. Zhubanov. In 1939 he joined the Soviet Army. In the first days of the war, he was captured near Brest-Litovsk. After his release, he entered the Paris Conservatory and moved to Turkey in the early 1950s. From 1947 to 1949, he lived in the house of Maria Shokay, wife of the famous Alash Horde activist Mustafa Shokay, in the French city of Nogansour-Marne. Alim Almat treated Maria Yakovlevna Shokai as a mother, corresponded with her and was directly involved in the erection of the monument to Mustafa Shokai in Berlin. In 2001, he published a book based on his correspondence with Maria Shokai. It was Alim Almat who fulfilled the order of Maria Yakovlevna and delivered to our country a number of consumer goods, typewriters, pens and letters from M. Shokay.

For over a quarter of a century he was a violinist with the Istanbul Symphony Orchestra. After gaining independence, Kazakhstan took part in the first World Congress of Kazakhs in Almaty in 1992, when 53 years later it again met with its homeland and relatives. Alim Almat died on February 1, 2018 in Istanbul at the age of 101. In 2018, an office named after Alim Almatu was opened at Zhubanov University.

Басты жаңалықтар | Главные новости | Main news

# ZHUBANOV UNIVERSITY ДЕБАТ ОЙЫНШЫЛАРЫМЕН ТОЛЫҒАДЫ

Алдағы оқу жылында Zhubanov University өңірлік университеті білім алушылары қатарын дебат ойыншылары толықтыруы мүмкін. Оқу орнының «Заман біздікі» интеллектуалды элиталар одағы оқушылар арасында республикалық online жүйесінде пікірсайыс турнирін өткізген болатын. Турнир шарты бойынша жеңімпаздар өңірлік университетке оқуға ақылы жағдайда түссе 100-50-25 пайыз жеңілдіктер алатыны көрсетілді.

Пікірсайыс турниріне 300 оқушы-дебатер қатысты. Екі күн өткен турнирдің альфа-лигасында бірінші орынды Алматы мен Ақтөбе қаласының оқушылары бөлісті.

Үздік спикер атанғандар қатарында Орал мен Атырау қаласының оқушылары да бар. Барлық жеңімпаздарды Zhubanov University оқуға шақырды. Мұнда пікірсайыс клубтары бұрыннан жұмыс істейді. Олар қалыпты жұмыс жасап жатқандықтан тәжірибе жинақтаған білім алушылар өте көп. Биыл Мұғалжар ауданының Ақкемер орта мектебінде «Заман біздікі» интеллектуалды элиталар одағының филиалы ашылды. Осылайша оқушылар арасында дебаттық ойындар қозғалысы дами түспек. Соңғы жылдары пікірсайыс додаларына қатысқысы келетін жастар саны көбеюде. Олар дебатшы болу арқылы еркін, көркем, шебер сөйлеуге машықтанады, аудитория алдында қысылмай өнер көрсетуге үйренеді. Түрлі тақырыптарды зерттеп, сан салада ой-өрісін кеңейтеді.



# РЯДЫ ДЕБАТЕРОВ ZHUBANOV UNIVERSITY ПОПОЛНЯТСЯ

В наступающем учебном году число обучающихся регионального университета Zhubanov University могут пополнить дебатные игроки. Союз интеллектуальной элиты «Заман біздікі» провел дебатный турнир среди школьников по республиканской онлайн-системе. По условиям турнира победители получат скидку в размере 100-50-25% в случае поступления в областной вуз на платной основе.

В дебатном турнире приняли участие 300 школьников-дебатеров. Учащиеся из Алматы и Актобе разделили первое место в альфа-лиге двухдневного турнира. Среди лучших спикеров - школьники из Уральска и Атырау. Все победители были приглашены для получения высшего образования в Zhubanov University. Здесь дебатные клубы открылись достаточно давно. Благодаря их плодотворной работе студенты приобрели необходимые навыки и опыт. В этом году в Аккемерской средней школе Мугалжарского района открылся филиал Союза интеллектуальной элиты «Заман біздікі», что позволит развивать дебатное движение среди школьников. В последние годы все больше молодежи интересуется дебатами. Будучи участниками игр, они учатся свободно говорить и выступать перед аудиторией. Исследуют множество тем и расширяют кругозор в разных областях.

# ZHUBANOV UNIVERSITY DEBATERS WILL JOIN THE RANKS

In the coming academic year, the number of students of the regional Zhubanov University may be supplemented by debate players. The Union of Intellectual Elite "Zaman Bizdiki" held a debate tournament among schoolchildren on the republican online system. Under the terms of the tournament, the winners will receive a discount of 100-50-25% in case of admission to the regional university on a paid basis. The debate tournament was attended by 300 students-debaters. Students from Almaty and Aktobe shared the first place in the alpha league of the two-day tournament.

Among the best speakers are schoolchildren from Uralsk and Atyrau. All winners were invited to pursue higher education at Zhubanov University. Debate clubs were opened here a long time ago. Thanks to their fruitful work, students acquired the necessary skills and experience. This year, a branch of the Union of Intellectual Elite "Zaman bizdiki" was opened in the Akkemer secondary school of the Mugalzhar region, which will allow developing the debate movement among schoolchildren. In recent years, more and more young people are interested in debates. As participants in games, they learn to speak freely and in front of an audience. Explore a variety of topics and broaden horizons in different areas.



# ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛДІ

Биыл екінші жыл қасиетті Рамазан айында жомарт жандар әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасыларына ауызашар дастарханы ретінде азық-түлік салған қораптар таратты. Бұл шараны Ақтөбе қалалық әкімдігі Орталық мешіт арқылы ұйымдастырды. Оған кәсіпкерлер мен қалалық мәслихат депутаттары қатысты. Осылайша 200 отбасына ішіне сұйық май, құрма, қант, күріш, қарақұмық, пияз, картоп сияқты барлығы 17 түрлі азық-түлік салынған қораптар табысталды.

Көпшілік алдында сөз сөйлеген Ақтөбе облысының бас имамы Төлеби Оспан зекет берушілерге алғыс айтып «Таратылған азық-түлік ауызашар бергеннің сауабынан кем емес. Бір мұсылманды қуантқанды, бір мұсылманға дәм ұсынғанды, тамақтандырғанды Алла Тағала жәннаттың жемістерімен сүйіншілейді» деді.

# БЫЛА ОКАЗАНА СОЦИАЛЬНАЯ ПОДДЕРЖКА

Второй год подряд, в священный месяц Рамадан, меценаты передали коробки с продуктами семьям, нуждающимся в социальной поддержке. Мероприятие было организовано акиматом города Актобе через Центральную мечеть. В нем приняли участие бизнесмены и депутаты городского маслихата. Таким образом, 200 семей получили коробки с 17 различными продуктами, включая растительное масло, финики, сахар, рис, гречку, лук и картофель. В своем выступлении главный имам Актюбинской области Толеби Оспан поблагодарил благотворителей и сказал: «Раздача продуктов имеет не меньшее вознаграждение, чем организация ауыз ашара. Того, кто доставит удовольствие мусульманину, дав ему еду или накормив, Аллах благословит плодами Рая».

# SOCIAL SUPPORT WAS PROVIDED

For the second year in a row, during the holy month of Ramadan, patrons donated boxes of food to families in need of social support. The event was organized by the Akimat of the city of Aktobe through the Central Mosque. It was attended by businessmen and deputies of the city maslikhat. Thus, 200 families received boxes of 17 different foods, including oil, dates, sugar, rice, buckwheat, onions and potatoes. In his speech, the chief imam of Aktobe region Tolebi Ospan thanked the benefactors and said: “The distribution of food has no less reward than the organization of auyz ashar. Whoever pleases a Muslim by giving him food or feeding, Allah will bless with the fruits of Paradise. "

## Person of the month

Студенттік шақ орасан зор мүмкіндіктер және өсу-жетілу кезеңі. Сонымен қатар жастардың өмірінде жаңа ортаға бейімделу, кезіккен әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешу, достық, бауырмалдық қарым-қатынасқа үйрену, бос уақытын тиімді өткізу тәрізді сұрақтар туындауы мүмкін. Бұл ретте бас қамқоршы куратор-эдвайзердің ролі үлкен.

Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінің Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті, осымен екінші жыл, куратор-эдвайзерлердің позитивті имиджін нығайту, озық іс-тәжірибесін насихаттау, кәсіби деңгейі жоғары, шығармашыл және талантты топ куратор –эдвайзерін анықтау мақсатында байқау ұйымдастырды. Биылғы байқау ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналды. «Үздік куратор-эдвайзер-2021» байқауына 19 оқытушы қатысты. Бұл байқаудың ерекшелігі қатысушылардың қамқоршылдық және тәрбиешілік қырларын көрсеткен жұмыстары online жүйесінде, байқаудың арнайы әлеуметтік парақшасында тікелей эфир арқылы берілуі болды. Сонымен қатар бағалаушы қазылар алқасының жоғары құзырлылығы да, байқауға серіктестік көрсеткен демеушілердің көптігі де назар аударды.

Байқау қорытындысында бас жүлдеге филология факультетінің куратор-эдвайзері Әлия Ұлықпанова, 2-орынға физика-математика факультетінің куратор-эдвайзері Айшат Медеуова, 3-орынға педагогика факультетінің куратор-эдвайзері Ғайнижамал Боранбаева ие болды. Жеңімпаздарға ірі көлемде ақшалай сыйлық сертификаттары тапсырылды. «Көрермен көзайымы» арнайы номинациясы бойынша әлеуметтік желіде ең көп лебіз жинаған жас маман, жаратылыстану факультетінің куратор-эдвайзері Айнұр Тоғызбаева университеттің бастауыш кәсіподақ ұйымының шипажайға жолдамасымен марапатталды.Барлық қатысушыларға байқаудың бас демеушісі Басқарма төрағасы-ректоры м.а.Рахым Бекназаровтың Алғыс хаты мен қатысушы дипломы және 20 мың теңге қаржылай сыйлығы, демеушілік көрсеткен серіктестердің қызмет көрсету сертификаттары мен талондары берілді. Кәсіподаққа мүше байқау қатысушыларына бастауыш кәсіподақ ұйымы 10 мың теңгеден сыйлық жасады.

«Үздік куратор-эдвайзер-2021» байқауының бас жеңімпазы, «Қазақ филологиясы» кафедрасының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Әлия Ұлықпанова жеңістен кейінгі ойларымен бөліскен еді. Әмбебап куратор-эдвайзердің тәрбие жайлы монологын тыңдаған журналист Гүлнара Қараша.

# СТУДЕНТТІҢ ЕҢ ЖАҚЫНЫ




— Ойлап отырсам университеттегі 27 жылдан асып бара жатқан қызметімнің басым бөлігінде студенттермен тығыз байланыста болған екенмін. Бұл өмірімнің қызығы мен шыжығы жастармен бірге өтіп жатыр дегенді білдіреді ғой. Бүгінгі жастар еркін өскен, кімнің алдында, қандай жағдайда болсын пікірін ашық айта алады. Біз болсақ ұстаз сөзі қатқан қағида деп өскен ұрпақпыз. Ол қорқыныштан туған көзқарас емес, ұстазға деген шексіз сенімнен ғой деймін. Шындығында шексіз сенімді қазіргі жастар да қажетсінеді. Жастармен қатынаста шынайымын. Талапшылмын. Талапшылдық керек. Себебі кері байланыс болмаса ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс үзіледі, кері байланысты әлсіреткен оқытушыға деген студенттің сыйластығы да төмендейді. Талап қоя отырып, көбірек ізденіске баулуға болады. Ал талап қою үшін оқытушы студентке қойып отырған талабына өзі сай болуы қажет. Әйтпесе бәрі бекер. Тағылымды тәрбиеші болу оңай емес. Бір қызығы тәрбиелей жүре өзіңді де тәрбиелейсің. Оқытушы бойындағы жеке тұлғалық қасиеттерден де жастар үлгі алуы мүмкін. Мен сыншыл адаммын. Бірінші кезекте өзіме. Жасаған қателігім болса жадымда жатталып қалады. Ешқашан қайталамаймын. Тәрбиеленушілеріме де қайталатпаймын. Шегелеп түсіндіріп, көздерін жеткіземін. Қорытынды шықпайтын кез болады. Ол сәттер аз. Қамқор ниетімді дұрыс түсінетін жастар көп. Олар маған «екінші анамыздайсыз» дейді. Бұл сөз маған өте қымбат.

Білім берушінің мойнында жауапкершілік мол. Өйткені, балашақтың білімі мен ғылымының, өнегесінің негізі – студент кезде қалыптасады. Бүгін алдыңда отырған 30 студентке дәрісіңді дұрыс бермей, сабағыңды ойдағыдай жүргізбесең, студент қазір үнсіз қалғанмен, кейін өмір бақи оқытпаған адамға деген жүрегінде беріш сақталады. Керісінше. Білім берген, адам болып қалыптасуына күш салған ұстазға деген құрмет те мәңгілік жарық сәуле болып, өзіңе жетеді де тұратын секілді. Сол сәуле әрдайым жаныңды нұрландырады, күшқуат береді, жаңа ізденістерге тынымсыз жетелей береді.

Мұғалім болсам деген бала арманымның орындалғанына қуанамын. Біз еңбекпен шыңдалдық. Әлі есімде, мектепке бара қоймаған кезім болуы керек, тырнақтай болып, таңертең ерте тұрамыз. Өріске мал айдап келеміз, «қой кезекке» барамыз. Таңатпай аула сыпырып жүріп, өлең шығарамын, «Өскенде ақын боламын» деп ойлайтынмын. Одан мектеп табалдырығын аттадық. Бастауыш сынып жеке шағын мектепте болатын. Сабақ соңына таман мұғалімдер класымызға келіп кіреді. Сірә, қолсағат тек біздің мұғалімде болса керек. Апайымыздан «Сағат неше болды?» деп сұрайтын. Әлі сағат үйрене қоймаған кезім ғой, «Мен сағат білмеймін. «Апай» болғанда, осылай сағат сұрап келсе, қайтемін?», – деп қиналып қалатынмын. Сағаты бар, сағаттың қанша екенін білетін апайыма қатты қызығатынмын. Кітапқұмар болдым. Хат танып, сауаттан-

ған соң ең алғашқы оқыған кітабым Лев Толстойдың «Үш аю» деген ертегісі мен 41 ертектен тұратын қазақша жинақ. Осы кітаптарды тез оқып тауысып, кітапханаға қайта тапсырмақ болдым. Баламыз ғой, неге екенін білмеймін, кітапханашы Сара апай әлгі кітаптардың мазмұнын сұрайды деп ойладым. Содан мықтап дайындалдым. «Ана бетте не айтылған?» десе қайтемін деймін-дағы, тесіліп қайта оқимын, есіме сақтаймын. Содан да шығар, менде «көру есі» жақсы қалыптасты. Қазірдің өзінде бір сөз, бір мәтінді мазмұндасам, сол көзімде кинолента тәрізді қосылып, жүріп отырады.

Оқушы кезімде көптеген замандастарым секілді, республикалық «Балдырған», «Қазақстан пионері» газет-журналдарына суретті әңгіме, шағын мақалалар жазып тұрдым. Бірлі-жарымы жарық көрді. Туған жерімдегі аудандық «Ойыл» газетіне мақалаларым шығатын. «Ұстаз болу – арманым» деген мақаламның сарғайған газет бетіндегі қиындысы сақталып қалыпты. Мектеп бітірер кезде аудандық газет журналистика мамандығына мақсатты жолдама бермек болғанда «мен мұғалім боламын» деп бекініп, осы жолды таңдадым.

«Үздік куратор-эдвайзер—2021» байқауына да қатысудағы мақсатым – азды-көпті жиған іс-тәжірибеммен бөлісу, өзгеден үйрену деген ой болды. Байқау аяқталған күні әлеуметтік желіде «Студенттеріммен мақтанатын тағдырыма ризамын» деп жаздым. Осы ойым – ой. Жоғары оқу орнында дұрыс оқытушы болғанның бір белгісі – дипломын алып, маман болып кеткен түлектердің үнемі байланысып, қал сұрап (кейде кеңес сұрайтын тұстары да бар), хабарласып тұруы. Мен осы жағынан бақытты ұстазбын.

Педагогтік тәжірибемде 5 топқа куратор болып, шығарып салыппын. Байқаудағы бұл жеңісім – қазіргі тобымның қолдауы. Ортақ нәтижеміз. Google мен YouTube сервистерінен «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ., 201-топ деп іздеу берілсе, шыға келеміз. Тобымдағы 32 студенттің барлығы да үздіктер қатарынан табылады. Ерекше талапты, талантты жастар. Цифрландыру заманы ғой, қарапайым мысал болса да айтайын, өткізбек шараның «афишасын» алдыменен өзім жасаймын. Оны арнайы сайттардың көмегімен жасаған болсам, видеоға түсіремін. Ол видеоны топқа жіберемін. Студенттеріме сценарийдің үлгісін жасап көрсетемін. Әрі қарай олар жасайды. Тексеремін, жөндейтін жерін көрсетемін. Әбден дұрысталғанша, осы процесс бірнеше қайталануы мүмкін. Қаншама уақыт алса да, жөнделгенше, қайталанады. Бірақ ақыры – қайырымен болады. Мен – үйреттім, студент – білді. Қазақы ұғыммен айтқанда, «үйренгенің – өзіңе жақсы, істегенің – маған жақсы». Қазірде мен тобыма сенемін. Олар қандай жұмысты болсын, жасап шыға алады. Бірақ бұл процесті босаңсытуға болмайды. Еңбекқорлық жас кезден бойда мықтап қалыптасуы керек. Қазір шаршаса – түбі пайдасын көреді.

Куратор-эдвайзердің міндеті бұл шаруалармен шектелмейді. Тобымызда арнайы бекітілген тәрбиелік іс-шараларымызды жүргіземіз. Ата-аналарымызбен байланыс жасаймыз. Студенттер туралы барлық мәліметтерді анықтай отырып, тіпті оқу ақысын төлеген күні қосыла қуанамыз. Апта сайын куратор сағаты өтеді. Әр шара интернет жүйесінде кез-







келген адамға қолжетімді болғасын студент те бойын жинап, жақсы дайындалады.

Куратор-эдвайзер студенттерге мамандыққа сәйкес пәндерді таңдауда, ұсынылып отырған барлық пәндер бойынша кәсіби тұрғыдан өте жоғары деңгейдегі кеңес беруге де міндетті. Студенттің үлгерімін, академиялық деңгейін де анықтайтын – куратор-эдвайзер.

Әрине куратор-эдвайзер сондай-ақ студенттің ең жақыны. Студент түрлі жағдайларға тап болуы мүмкін. Бірде студентімнің бірі науқастанып ауруханаға «Жедел жәрдеммен» алып кетті. Ол – басқа облыстан келген, жатақханада жататын, жасы 18-ге толмаған бала еді. Шұғыл түрде ота жасау керек болып, оған куратор-эдвайзер ретінде мен қол қойып, рұқсат қағазымды жазып бердім. Ота жасалып, ауруханадан шыққанша уайымдап, қорқып жүргенім де рас. Шүкір, бәрі ойдағыдай болды. Енді бірде жасы кәмелетке келмеген студентім мұзайдында серуендеп үйіне жеткенше, түн болып кетіп, көшедегі жасақшылар «Балаларды оңалту орталығына» алып кеткен. Ата-анасынан бұрын мен жеттім. Құжаттар дайындалды, шығарып алғанша біраз шапқыладық. Студенттің кінәсіздігін дәлелдеп шықтық. Айта берсе, осындай жағдаяттар аз емес.

Тәрбие ісіндегі өзім үшін маңыздысы қағазға ұқыптылық. Жасалған шаралардың бәрінің сценарийі, жоспары мен хаттамасы электрондық нұсқада терулі, папкада қаттаулы. Тіпті университетке жұмысқа қабылданған жылдардан бастап бар. Бір жинақтың көлеміне сиярлықтай. Қазіргі заман басқаша, дегенмен online жүйесі де ұқыптылықты талап етеді. Басқашалығы – желідегі әр минутпен жұмыс жасауды, әр минутты бағалауды үйретті.

Мұқан Иманжановтың «Алғашқы мұғалім» повесіндегі көкейімдегі ойды дөп басқан мына бір сөздері үнемі жадымда тұрады: «Мұғалім – ол ең алдымен адам, онда сезім бар, онда сана бар, онда көңілдің күйі бар, онда мақсат-арман бар. Осыларды әлдеқайда қалтарыста сақтап, өзінің сүйсінген, сүйсінбеген сезімін білдірмеген, шын жанын жайып салмаған, салқын қанды, парықсыз, жұмбақ адам шындыққа жақын келе алмайды. ... Сезімсіз, қуанышкүйінішсіз, тек мұғалімдік міндеттен туған ертеден қара кешке дейін көйіткен қоңыр әуенің, айтқан ақылың, оқыған моралің тасқа сепкен дәнмен бірдей, ешқашан көктемейді». Рас сөз! Ана ғасырда жазылғанмен, мұғалімнің адамдық тұлғасын дөп басып, дәл таңбалайтын сөз.

Science week

# Ғылымға арналған

**«Ғылым» сөзінің латыншадан мағынасы «білім». Ғылым деген бұл — білім мен эрудицияларға байланысты анықтамалар, бірдеңе жасау мүмкіндігі, жалпылай атқанда кез келген тақырып бойынша білім жиынтығы. Ғылымның бастауы ежелгі дәуірден басталғанын білеміз. Адамдар ерте кезден бастап өздерінің өмір сүру сапасын жақсартуға ұмтылды. Сондықтан күнделікті керегіне қол жеткізу үшін қажетін ойлап тапты. Бүгінде бұл процесті ғылым деп атауға болады. Сондықтан адамзаттың өркениетіне ғылымның қосар үлесі зор. Ғылым ешқашан дамуын тоқтатпайды.**



Қазақстанда 12-сәуірде Ғылым қызметкерлері күні мерекесі атап өтіледі. Дәл осы күні еліміздің ғылым саласындағы жетістіктері сараланады. Мерекелік күнтізбедегі бұл датаның таңдалуы кездейсоқ емес. Бұл күн – қазақтан шыққан тұңғыш академик, геолог Қаныш Сәтбаевтың дүниеге келген күні. Ғылым қызметкерлері күні 2011 жылы 22-қазандағы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен бекітіліп, алғаш рет 2012 жылы аталып өтті.

Биылғы мерекемен құттықтау сөзінде ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов еліміздегі ғылым саласының әлеуеті зор екенін, ғылымның дамуына үлкен үлес қосып келе жатқан ғалымдардың қатары көбейгенін атады. «Бүгінгі таңда ғылым саласының жетістіктері айтарлықтай көп, мәселен, Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты ғалымдарының коронавирусқа қарсы әзірлеген QazVac (Qaz Covid-in) вакцинасы, — деді министр өзінің Facebook парақшасында. — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жан-жақты қолдауының арқасында ғылым саласында оң өзгерістер орын алып жатыр. Бірнеше негізгі бағыттарға тоқталып өтейін.




Ғылымды республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемі соңғы екі жылда шамамен екі есеге артты. 2025 жылға қарай ғылымды қаржыландыру көлемін жалпы ішкі өнімнің 1% дейін ұлғайту жоспарланған. Бұл — отандық ғылымның дамуына үлкен серпін берері сөзсіз.

Егер бұған дейін Білім және ғылым министрлігінің гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстары үш жылда бір рет жүргізілсе, енді олар жыл сайын өткізілетін болады. Тек 2020 жылы 5 конкурс өткізілгенін атап өту қажет.

Тағы бір маңызды жайт, 2020 жылы алғаш рет гранттардың жаңа түрлері бекітілді. Олар — коллаборация бойынша, қысқа мерзімді, жеке, жас ғалымдарға арналған және т.б гранттар.

Сондай-ақ докторанттардың стипендиясы 80%-ға ұлғайды. Бұдан былай олардың стипендиясы жыл сайын 15%-ға өсіп отырады және 2025 жылға қарай 260 мың теңгені құрайтын болады.

Біз үшін магистратура мен докторантураға түсу кезіндегі ашықтық пен меритократияны арттыру маңызды. Сондықтан өткен жылы магистратураға түсу үшін емтихандарды алғаш рет электрондық форматта өткіздік. Биылдан бастап докторантураға түсу емтихандары да осындай форматта өтпек.

Ғылыми қоғамдастықпен орнатылған тығыз қарым-қатынастың нәтижесінде диссертациялық кеңестердің жұмысы бойынша ережелерге өзгерістер енгізілді. Сондай-ақ докторанттар үшін диссертацияны қорғау мүмкіндіктері кеңейтілді.

Одан бөлек ғылыми журналдардың тізімін қалыптастыру ережелеріне де өзгерістер енгізілді. 2021 жылдан бастап біз мықты, беделді ғылыми журналдарды қолдау жөніндегі жобаны іске асыруды бастаймыз.

Тағы бір жаңалық — енді жыл сайын 50 үздік ғылыми қызметкерге 5 млн теңге көлемінде сыйақы тағайындалады. Мұндағы механизм «ЖОО үздік оқытушысы» конкурсына ұқсас болады. Бұл «Ғылым туралы» Заңға енгізілген жаңа түзетулерге сәйкес мүмкін болып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен 2020 жылы БҒМ-ге қарасты ғылыми ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту және жұмысын жандандыруға бағытталған жаңа бюджеттік бағдарлама ашылып, 2,8 млрд теңге бөлінді. Нәтижесінде 23 ғылыми-зерттеу институтына жабдықтар сатып алынды. Биыл осы мақсатта 3,5 млрд. теңге бөлінді. Сондықтан Институттарды модернизациялау бойынша жұмыс әрі қарай жалғасады.

Ұлттық ғылыми кеңес қызметінің ашықтығын арттыруға бағытталған оң өзгерістер енгізілді. Енді олардың жиындары online, ал дауыс беру процесі ашық форматқа ауыстырылды. Ғылыми кеңес құрамы да ғылыми қызметкерлердің жұмысына сәйкес жаңғырды.

Биылдан бастап 500 ғалымды әлемнің жетекші ғылыми орталықтарына тағылымдамалардан өтуге жіберу және "Жас ғалым" жобасы аясында 1 мың грант бөлу бойынша жұмыстар қолға алынады.

Одан бөлек, еліміздегі 20 университет «Академиялық артықшылық орталықтары» жобасы аясында қаржыландыруға ие болады. Яғни, бұл жиырма оқу орны материалдық-техникалық базасын айтарлықтай жақартуға мүмкіндік алады деген сөз.

Ғылымдағы барлық процестерді одан әрі цифрландыру бойынша жұмыс атқаруымыз керек. Кейбір ғылыми жобаларды іске асыру үшін ұзақ мерзім талап етіледі. Бұл ретте мұндай ғылыми жобаларға грант беру мерзімдерін 5 жылға дейін ұзарту мәселесі де қолға алынады.

Біз ел үшін стратегиялық бағыттар бойынша іргелі зерттеулермен айналысатын институттарды тікелей қаржыландыруды маңызды деп санаймыз.

Министрлік базалық қаржыландыру шеңберінде ақы алатын қызметкерлердің тізбесін кеңейту бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

Біз үшін жас ғалымдарға қолдау көрсету маңызды. Сондықтан заңға енгізілген өзгертулер арқасында жас ғалымдарды қолдау үшін докторантурадан кейінгі зерттеулерге бағытталған арнайы гранттар бөлу жүзеге асырылатын болады.

Будан басқа, ҒТҚН коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыру практикасы да жалғасады.

Ғалымдарымыздың жобалары жетістіктерге жету үшін – оларға қолайлы жағдай жасау аса маңызды. Сондықтан саладағы қағазбастылықты барынша азайтып, жастарды ғылым саласына тартып жатырмыз.

Құрметті ғалымдар! Ғылым саласының қызметкерлері!

Сіздерді шын жүректен кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын! Атқарып жатқан қажырлы еңбектеріңіз, тың бастамаларыңыз бен жобаларыңыз, батыл идеяларыңыз бен бірегей зерттеулеріңіз үшін алғыс айтамын.

Сіздерге зор денсаулық, сарқылмас қуат, ізденіс жолында шабыт және толағай табыстар тілеймін», — делінген министр жазбасында.

БҒМ-нің дерегіне сәйкес қазіргі уақытта елімізде 386 ғылыми ұйым бар. Онда шамамен 22 мың маман жұмыс істейді. Қызметкерлердің 33%-ында ғылыми дәреже бар, нақтырақ айтқанда – 1703 ғылым докторы, 4240 ғылым кандидаты, 1045 PhD докторы мен өз саласы бойынша 317 доктор.

Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінде айтулы мерекеге орай өткізілетін Ғылым апталығы дәстүрлі мақсат тұтты. Ол меже университетте оқитын жастардың ғылымға құштарлығын арттыру, баулу, ынталандыру. Жыл бойғы ғылыми жетістіктер-

# АПТАЛЫҚ



ге байланысты үздіктер аталып, сыйақыға 500 мың теңге қаржы бөлінді. Өкінішке қарай, ғылымға арналған апталық әлемдік коронавирус пандемиясына қатысты екінші жыл online режимінде өтті. Апталық жұмысын ресми ашқан Басқарма төрағасы-ректордың міндетін атқарушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Рахым Бекназаров «85 жыл тарихы бар Zhubanov University құрылған сәтінен бастап бүгінгі күнге дейін отандық ғылымның флагмандарының қатарында. Қазіргі уақытта біздің университетте нанотехнология мен кванттық физикадан бастап ғылымды мемлекеттік реформалаудың тарихи тәжірибесіне дейін түрлі салаларда зерттеулер жүргізілуде. Зерттеулердің ауқымы өте кең. Біздің ғалымдарымыздың әзірлемелері өндіріске енгізілуде, ал университетіміздің ғылыми зертханаларында алынған нәтижелер бизнесті қызықтырады және инновациялық жобаларды құру үшін нақты негізге айналды. Біздің ғалымдарымыздың жобалары қазақстандық қана емес, әлемдік деңгейде де мойындалуда. Жоғары білікті мамандарды дайындайтын жоғары оқу орнының беделі жоғары. Ғылымның игілігі үшін перспективалық жобаларды жүзеге асыратын білім алушыларды дайындау негізгі міндетіміз», — деді.

Ғылым апталығында 80-нен астам ғылыми іс-шара өтіп, оған 1000-ға жуық жас қатысты. «Жастар, ғылым және инновация» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында 150-ден астам ғылыми еңбектер жарияланды. «Жыл үздігі-2021» ғылыми жобалар байқауының номинанттары аталды. «A new beginning of science» ғылыми-зерттеу байқауы ұйымдастырылды. Аталғандар апталықтың ауқымды шаралары. Бұдан өзге апталық аясында факультетішілік семинарлар, шетелдік ғалымдардың қатысуымен конференциялар, олимпиадалар өткізілді.

Сондай-ақ Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университеті 7-9 сәуір аралығында Central Asia Nobel Fest инклюзивті даму қорымен бірлесіп online өткізілген "Болашақты ойлап табу" Халықаралық II-Нобель фестиваліне қатысты. Фестивальға қатысушыларға Басқарма төрағасы-ректоры м.а. Рахым Бекназаров сөз арнап, ЖОО алдындағы ғылыми-инновациялық бағыттағы мақсат және міндет жайлы ой бөлісті. Central Asia Nobel Fest II фестиваліне әлемнің 40 еліндегі 130 университеттен 20 мыңнан астам қатысушы тіркеліп, дискуссияларға қатысты. Фестивальде Нобель сыйлығының 9 лауреатымен кездесу өтті. 50 спикер қатысқан 25 дебат ойының тамашаланды. Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университеті фестивальге зияткерлік серіктес болды.

Ғылымға арналған апталық барысында Ғылыми-инновациялық бағдарламалар департаментінің директоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Людмила Мясникованы еліміздегі үздік ғалымдар қатарында министр Асхат Аймағамбетов Ғылым қызметкерлерінің күніне орай Құрмет грамотасымен наградтады.

Қазіргі таңда университетте ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстарында қолдау тапқан 17 ғылыми жоба іске асып жатыр. Олардың ішінде Мұғалжар кен орнының диатомит шикізатынан энергетикалық тиімді құрылыс материалдарын өндіру, Ырғыз-Торғай резерватында ақбөкендердің популяциясын, өсу динамикасын арттыру, Ақтөбе өңіріндегі киелі жерлердің атауларын зерттеу, көз ауруларын емдеуге арналған гидрофильді пленкалар жасақтау деген сияқты жақсы жобалар бар. Әр кафедрада ғылыми үйірмелер жұмыс істейді. Университеттің жетекші ғалымы Қуанышбек Шүнкеев физика-математика бағыты бойынша білім алушыларды өзі басқаратын«Қатты дене радиациялық физика» зертханасында жастарды ғылымға баулуда.

Робототехника, 3d модель, металлургия тау-кен ісі бойынша ғылыми үйірмелерге жастардың қызығушылықтары жоғары. Студенттердің бір жетістігі ретінде робототехника бойынша жаңа өнімдер шығаруын атауға болады, соның бірі — оқытушы Асхат Раманқұловтың жетекшілігімен жасалған зағип жандарға арналған бағыттаушы құрылғы.

Қазақстан халқына жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында ғылым саласын дамытуда тың тәсілдер керек екенін атаған болатын. «Ғылым саласын дамыту туралы да айтқым келеді. Бұл мәселеде бізге тың көзқарас пен жаңа тәсілдер керек. Сондай-ақ халықаралық тәжірибеге арқа сүйеу қажет. Үкіметке жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында 500 ғалымның тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етуді, сондай-ақ «Жас ғалым» жобасы аясында зерттеу жүргізу үшін 1 мың грант бөлуді тапсырамын», — деген еді Президент.

Қазақстандық ғылымның даму болашағы жастардың қолында екенін осыдан айқын түсінуге болады.

**Гүлнара Қараша**

## «ЖЫЛ ҮЗДІГІ – 2021»
## ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

### «ҮЗДІК СТУДЕНТ – 2021» номинациясы бойынша

**«Үздік студент-2021»**
Абитова Аруаққу — «5В010300 — Педагогика және психология» мамандығының 4-курс студенті
**II орын иегерлері**
Бекетов Қуанышбек — «5В010300 — Педагогика және психология» мамандығының 4-курс студенті
Қибатуллаева Әйгерім — «5В011600 — География» мамандығының 4-курс студенті
**III орын иегерлері**
Карасаева Акмарал — «5В060400 — Физика» мамандығының 4-курс студенті
Бахтиярова Диана — «5В060400 — Физика» мамандығының 4- курс студенті
Оңайша Гүлбану — «6В01501 — Математика» мамандығының 3-курс студенті

### «ҮЗДІК МАГИСТРАНТ – 2021» номинациясы бойынша

**«Үздік магистрант-2021»**
Сабрадинова Айжан — «7М01101 – Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты
**II орын иегерлері**
Тулебаева Айым — «Шетел филологиясы» мамандығының 2-курс магистранты
Саматова Алтынай — «Биология» мамандығының 2-курс магистранты
**III орын иегерлері**
Омарпатша Гүлзат — «7М05301 – Физика» мамандығының 2-курс магистранты
Кабакбаева Лаззат — «7М01503 – Информатика» мамандығының 1-курс магистранты
Дөңесов Ержігіт — «7М07203 — Металлургия» мамандығының 2-курс магистранты.

### «ҮЗДІК ДОКТОРАНТ – 2021» номинациясы бойынша

**«Үздік докторант-2021»**
Убаев Жигер Картбаевич — «6D060400 — Физика» мамандығының докторанты
**II орын иегерлері**
Токмурзин Жанибек Сырлыбаевич — «6D060100 – Математика» мамандығының докторанты
Әбдірова Шолпан Гайдарқызы — «6D020500 — Филология» мамандығының докторанты
**III орын иегерлері**
Нугаева Захира Туребаевна — «6D060100-Математика»мамандығының докторанты
Шугаева Тилектес Жалгасовна — «8D05301 – Физика» мамандығының докторанты
Буранкулова Эльмира Темирбайқызы — «6D020500 – Филология» мамандығының докторанты

### «ҮЗДІК ЖАС ҒАЛЫМ – 2021» номинациясы бойынша

**«Үздік жас ғалым — 2021»**
Истляуп Асель Сарбековна — жаратылыстану ғылымдарының магистрі, «Физика» кафедрасының оқытушысы
**II орын иегері**
Әбдірашит Асылбек Мирамханұлы — техника ғылымдарының магистрі, «Металлургия және тау-кен ісі» кафедрасының оқытушысы
**III орын иегері**
Әмірзақова Мирослава Жамбылқызы — педагогика ғылымдары магистрі, «География және туризм» кафедрасының оқытушысы

### «ҮЗДІК ҒАЛЫМ – 2021» номинациясы бойынша

**«Үздік ғалым — 2021»**
Шүңкеев Қуанышбек Шүңкейұлы — физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, «Қатты дене радиациялық физика» зертханасының жетекшісі.
**II орын иегері**
Тлеубергенова Мадина Альмухановна — физика-математика ғылымдарының кандидаты, «Математика» кафедрасыныңменгерушісі
**III орын иегері**
Келаманов Бауыржан Сатыбалдыұлы — техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.

### «ҮЗДІК КАФЕДРА – 2021» номинациясы бойынша

«Физика» кафедрасы

### «ҮЗДІК ФАКУЛЬТЕТ – 2021» номинациясы бойынша

«Физика-математика» факультеті

Leaders



**5 стран - 4 обширных вопроса. В Zhubanov University прошла традиционная, шестая по счету, Международная научно-практическая конференция «Современные проблемы развития физической культуры и спорта». На онлайн-площадке регионального вуза встретились педагоги-спортсмены Казахстана, Польши, России, Украины и Монголии. В составе делегаций более 10 ВУЗов. Также в обсуждении актуальных тем конференции приняли участие преподаватели колледжей, тренеры ДЮСШ, учителя школ, магистранты и докторанты профильной специальности.**

**Мероприятие продлилось 2 дня. Участников разделили по 4 секциям. Это теоретико-методические аспекты дошкольного, школьного, вузовского физического воспитания; инновационные и информационные технологии в физической культуре и спорте; научно-методические аспекты оздоровительной физической культуры; современные проблемы теории и методики спортивной тренировки. По итогам конференции были разработаны методические рекомендации для педагогов и практиков.**

**О привлекательности педагогики в спорте редакции "ZhU" рассказал заведующий кафедры теории и методики физического воспитания Актюбинского регионального университета Zhubanov University, доктор педагогических наук, профессор Тулеген Ботагариев, ведущий более 40 лет подготовку физруков и тренеров для всего запада страны, он поделился статистикой востребованности профессии и успехами своих подопечных.**

# УЧИТЕЛЬ ФИЗКУЛЬТУРЫ - востребованная профессия

**— Труд учителя физической культуры является многообразным. Он должен быть сам всесторонне подготовлен физически (быть стройным, подтянутым), знать теорию и практику выполнения физических упражнений, владеть методикой обучения. Таким я помню своего учителя физкультуры школьных лет. Какая сейчас современная модель учителя физкультуры?**

— К современному учителю физической культуры предъявляются повышенные требования. Это связано с тем, что он как и другие его коллеги, работает в условиях обновленного содержания образования. Педагог должен владеть информационно-коммуникационными технологиями, активизировать познавательную деятельность школьника, знать современные методики преподования.

**— Последние годы наблюдается востребованность профессии учителя физкультуры. Это результат хорошей профориентационной работы или есть другая причина привлекательности профессии?**

— Здесь можно выделить несколько факторов. Контингент специальности «Физкультура и спорт» вырос за последние 4 года в 4 раза - от 100 до 400 человек. И это только в дневном отделении. Мы каждый год проводим профориентационную работу. Заключен меморандум о сотрудничестве с областным спорткомитетом. У нас получают высшее образование большое количество спортсменов, Чемпионов мира, Азии, республики. За их заслуги мы осуществляем перевод на льготное обучение. Имидж специальности растет и это видят те, кто желает учиться.

**— Кто может поступить на эту специальность?**

— На эту специальность может поступить любой человек, имеющий определенный уровень подготовленности согласно требованиям.

**— Учитель физкультуры должен уметь работать с детьми разных возрастов. Поэтому от него требуется не только физическая, но и психологическая выносливость. Думаю, что подготовка в них психолога не простая задача. Как идет обучение в этом направлении?**



— В плане психологической подготовки будущего учителя физической культуры. Здесь процесс осуществляется в двух направлениях. На практических занятиях создаются педагогические ситуации по формированию психологической адаптации студентов к реалиям производственной деятельности. Второй путь – это теоретическая подготовка студентов.

**— Вы первыми начали внедрение двудипломного образования, есть достижения. Расскажите о них.**

— Шесть наших выпускников получили двойной диплом университета экономики г.Быдгощ Польши по специальности «Физическая культура и спорт». Это Айдосулы Кобеген, Ерболулы Ерен, Зейбель Фридрих, Бажиров Аслан, Пашкин Александр, Нигмет Асет. Ребята уже работают по профессии. К.Айдосулы - в областном управлении физической культуры, А.Пашкин продолжил обучение в магистратуре Польского университета, Ф.Зейбель работает в школе, летом едет на стажировку в Польшу.

**— После получения диплома бакалавриата выпускнику предстоит найти работу, тем более хорошо оплачиваему. Какая заработная плата полагается на сегодняшний день? И как сложится дальше их карьерный рост?**

— На сегодняшний день средняя зарплата начинающего учителя физкультуры составляет 120 000 тенге. Чтобы была выше зарплата он должен пройти квалификацию, повысить свою категорию. Сейчас учителя школ сдают тесты на педагога-модератора, педагога-исследователя. Если они подтверждают этот статус, идет надбавка к зарплате.



**Беседу вела Айерке Султанбекова**

Басты жаңалықтар | Главные новости | Main news

## 3000 ГҮЛ КӨШЕТІН ТАБЫСТАДЫ

Үш мың гүл көшеті Zhubanov University өңірлік университетін бітіруші биолог-магистранттардың үш ай зерттеу тәжірибе кезеңінің жемісі. Олар осы уақыт ішінде жабық грунтта себілген көкөністер мен гүлдерге қыс және көктем айларында күтім жасау ерекшеліктерін меңгерді. Магистрлік зерттеу жұмыстарының нысаны гүлзарлық өсімдіктер болғандықтан теориялық білімдерінің негізінде гүл өсіру біліктіліктері мен дағдыларын игерді. Магистранттардың практикалық жұмысына биология ғылымдарының кандидаттары А.А. Базарғалиева, Г.М. Атаева, Г.Б.Адманова және А.Қ.Қалиева ғылыми жетекшілік етті.

Практикант Айя Кушекбаева Amaranthus, Celosia гүлінің ондаған түрлерін зертханалық және жылыжай жағдайында бақылаудан өткізді. Олардың арасында Ақтөбенің сатылым нүктелерінде жоқ көшеттер бар. Айя 400 гүл көшетін өсіріп, баптады.

Ал гүлзарлық Asteraceae түрлерінің биологиялық ерекшеліктерін зерделеу мақсатында жұмыс жүргізген келесі практикант Арайлым Оразғалиева жалпы саны 450 түп гүл өсіріп, қажетті деректер жинақтады.

Практика барысында магистрант Айнагүл Нұрабаева сәндік өсімдік ретінде Chrysanthemum түрлерінің бірнешеуін отырғызды. Соңында Айнагүлдің хризантемаларының биіктігі биіктігі 25-120 сантиметрге дейін жетті. Осылайша практиканттар тәжірибелік зерттеу жұмыстарының нәтижесінде өсірген 3 мың гүл көшетін университет ғимараттарының ландшафттық фитодизайнында қолдануы үшін табыстады.



## ПОДАРИЛИ 3000 САЖЕНЦЕВ ЦВЕТОВ

Три тысячи саженцев цветов - результат трехмесячной исследовательской практики выпускающихся биологов-магистров Zhubanov University. За это время они изучили особенности ухода за овощами и цветами в закрытом грунте в зимние и весенние месяцы. Поскольку объектом магистерских исследований были цветковые растения, на основе теоретических знаний они овладели навыками и умениями цветоводства. Руководили практической работой магистрантов кандидаты биологических наук А.А. Базаргалиева, Г.М. Атаева, Г.Б.Адманова и А.К.Калиева.

Практикант Айя Кушекбаева провела наблюдения в условиях лаборатории и теплицы за десятком видов цветов Amaranthus, Celosia. Среди них были саженцы, которых нет в торговых точках Актобе. Айя вырастила и ухаживала за 400 цветочными саженцами. Проводившая исследования биологических особенностей видов цветов Asteraceae, практикант Арайлым Оразгалиева вырастила 450 цветов и собрала необходимые данные.

В ходе практики магистрант Айнагуль Нурабаева посадила несколько видов декоративных цветов Chrysanthemum. В итоге хризантемы Айнагуль достигли высоты в 25-120 см. Результаты своих практических работ в виде 3 тысяч цветочных саженцев практиканты подарили университету. Они станут частью ландшафтного фитодизайна корпусов ВУЗа.

## PRESENTED 3000 FLOWER SEEDLINGS

Three thousand flower seedlings are the result of a three-month research practice of graduating master biologists at Zhubanov University. During this time, they studied the peculiarities of caring for vegetables and flowers indoors in the winter and spring months. Since the subject of master's studies were flowering plants, on the basis of theoretical knowledge, they mastered the skills and abilities of floriculture. The practical work of the undergraduates was supervised by the candidates of biological sciences A.A. Bazargalieva, G.M. Atayev, G.B. Admanov and A.K. Kaliev.

Trainee Aya Kushekbaeva conducted observations in a laboratory and a greenhouse for a dozen species of Amaranthus, Celosia flowers. Among them were seedlings that are not available in Aktobe retail outlets. Aya has grown and tended 400 flower seedlings. Trainee Arailym Orazgalieva, who researched the biological characteristics of Asteraceae flower species, grew 450 flowers and collected the necessary data. During the practice, undergraduate student Ainagul Nurabaeva planted several types of Chrysanthemum decorative flowers. As a result, Ainagul chrysanthemums reached a height of 25-120 cm. The trainees presented the results of their practical work in the form of 3 thousand flower seedlings to the university. They will become part of the landscape phytodesign of the university buildings.

30 years of Independence of Kazakhstan



# Тоже 30 лет

Я выпускница химического факультета КазГУ им. С.М. Кирова, ныне КазНУ им.аль-Фараби, 1991 года. Нашему выпуску 30 лет! 30 лет с начала трудовой деятельности, которую мы осуществляем во всех уголках нашей Республики и за рубежом.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби – это флагман научной и образовательной мысли современного Казахстана.

Моим первым и единственным трудовым домом стал Актюбинский региональный университет Zhubanov University.

Известный ВУЗ РК, который 30 лет назад располагался в единственном восьмиэтаэжном здании, к сегодняшнему дню оброс имеющими архитектурное значение сооружениями, залами, спортивным комплексом, парком инновационных технологий, теплицей. Корпуса Zhubanov University представлены во всех районах города Актобе, а главный и примыкающие к нему корпуса и общежития – целый благоустроенный кампус на уровне лучших стандартов. Оснащение и внутреннее оформление учебных корпусов с библиотеками, компьютерными залами, центрами общественного обслуживания и питания – предмет отдельной гордости. 30 лет назад ректором тогда Актюбинского педагогического института был талантливый и плодотворный руководитель — профессор Арынов Мухтар Галиевич, который неустанно пестовал национальные кадры, и первой фразой при приеме претендентов на работу было: «Занятия будете вести на казахском языке». 30 лет назад деканом факультета естествознания был доцент Уразаев Эрнст Галлямович, пользовавшийся неизменной любовью студентов и руководивший факультетом твердо и при этом нежестко, благодаря отсутствию авторитарных привычек. 30 лет назад заведующим кафедрой химии был Сагинаев Аманжан Туремуратович, сейчас профессор, доктор химических наук, видный казахстанский ученый, воспитавший не одно поколение талантливых химиков-органиков. 30 лет назад — что бы ни говорили, это были замечательные времена, эпоха прославленных педагогов, изумительный коллектив настоящих знатоков своего дела и прекрасных людей. Сколько химико-биологической молодежи выросло и возмужало с тех пор на лучших традициях кафедры.

Наша кафедра, химии и химической технологии, может гордиться высоким профессиональным потенциалом своего профессорско-преподавательского состава, среди которых имеются выпускники таких ведущих учебных заведений, как Московский химико-технологический институт имени Д.И. Менделеева, Московский институт тонкой химической технологии им. М. Ломоносова, Казанский химико-технологический институт имени С.М. Кирова, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахский химико-технологический институт имени М. Ауэзова, Алматинский институт энергетики и связи, Уфимский государственный нефтяной технический университет.

Отрадно, что мой родной Альма-матер дал путевку в жизнь многим моим коллегам, преподавателям кафедры, которые на обучают в стенах АРУ им. К. Жубанова студентов химических специальностей — профессору, д.т.н. Нурлыбаеву Исатаю Нурмановичу, доценту, к.х.н. Есназаровой Галие Лайыковне, доценту Волобуевой Надежде Алексеевне, доценту, доценту, к.х.н. Туремуратовой Гульнар Тобаниязовне, доценту, к.п.н. Альмуратовой Карлыге Кинадиновне, старшему преподавателю, к.х.н. Убайдулаевой Нурбале Абдибековне.

На сегодня мы разделяем совместные достижения с факультетом химии и химической технологии КазНУ им. аль-Фараби. К примеру, выпускники Жубанов университета Дузелбаева С.Д., Касенова К.А., Кребаева Л.У., Бисенгалиева Ж., Келжанова Н.К. окончили магистратуру КазНУ им. аль-Фараби. Сейчас PhD Келжанова Назкен Камидоллаевна – заведующая научной лабораторией Ростокского университета (Германия). Магистр нефтехимии Дузелбаева Самал Дусиповна, 15 лет посвятившая преподаванию в родном ВУЗе — докторант КазНУ им.аль-Фараби. Кафедра не так давно поздравила с защитой докторской диссертации своего преподавателя Абилову Гузель Кабилетовну, химика-полимерщика КазНУ им.аль-Фараби.

Налицо стабильность профессиональных (научных, образовательных, методических), а также дружественных уз кафедры химии и химической технологии Zhubanov University с главным учебным заведением страны. В процессе учебы студенты-химики научного и педагогического направления Zhubanov University успешно осваивают онлайн курсы от ведущих преподавателей КазНУ им.аль-Фараби по дисциплинам физической, общей, аналитической химии. Однако, наша кафедра химии и химической технологии пошла дальше, открыв YouTube-канал «Учи химию с нами», обучение на котором открыто для всех любителей химии. Работа с материалами этого канала, контакты с подписчиками воспитывают в студентах трудолюбие, уважение к труду педагога.

Профессорско-преподавательский состав кафедры ежегодно повышает свою квалификацию на курсах, организованных на базе КазНУ им. аль-Фараби, в том числе. В библиотеке Zhubanov University всегда можно ознакомиться с последними достижениями химической науки, работая с передовым периодическим изданием на английском языке «Евразийский химико-технологический журнал», входящим в базу данных Scopus и Chemical Abstracts.

Особенно хочется отметить набор на магистерские программы АРУ им. К. Жубанова, когда на специальности химической технологии сегодня обучаются 8 бакалавров – выпускников КазНУ им.аль-Фараби. Таким образом, образовательные и научные связи кафедры химии и химической технологии Zhubanov University содноименным факультетом КазНУ



им.аль-Фараби крепнут и умножаются с каждым годом. В обоих ВУЗах ежегодно расширяется перечень предоставляемых образовательных программ. Вслед за КазНУ им. аль-Фараби в Zhubanov University было внедрено преподавание дисциплин на английском языке. При этом с учетом специфики регионального ВУЗа актюбинский университет ввел обучение полиязычных групп с целью подготовки специалистов для образовательных учреждений согласно обновленному содержанию образования Республики Казахстан. Наконец, несколько слов о традиционной предметной олимпиаде среди студентов ВУЗов РК по специальностям научной химии и химической технологии неорганических веществ, ежегодно проходящей в стенах факультета химии и химической технологии КазНУ им.аль-Фараби. Только за последние четыре года студенты-жубановцы научного направления специальности химия привезли 9 дипломов за подписью министра МОН РК и проректора КазНУ им.аль-Фараби за призовые места в командном и личном зачете. Руководителем команд, гордо защитивших честь ВУЗА, стала я. В прошлом году АРУ им. К.Жубанова на эту олимпиаду представил две команды из студентов третьего и первого курсов — NeoХим и АТОМ. Команды бились с честью, и NeoХим отвоевал третье место в командном и третье — в личном первенстве (капитан команды КабдешоваТолкын).

Четыре года подряд NeoХим — в числе призеров. И это благодаря труду педагогов и стаканию таких студентов, как Джумагалиева Акбота, Ан Ольга, Жумагазина Асель, Жумабекова Акерке, Бекболатқызы Шамшырак, Ондаганова Гульжан, Жангали Гульдария, Кабдешова Толкын, Бекзат Бекзада, Конакбайкызы Назерке, Жарманова Ботакоз, Жусупова Бибирабига, Байдолла Лайлим. Впервые олимпиада была дистанционной. Участницы находились в Актобе, Уральске, Шалкаре, других частях Актюбинской области.

Я поздравляю нашу любимую страну с юбилеем. Счастлива, что мои трудовые годы, которым тоже 30, тесно переплетены с независимостью Казахстана.

**Алмагуль Агишева**
**кандидат химических наук доцент кафедры ХиХТ Актюбинского регионального университета Zhubanov University**

## Main news



## АЙМАҚ БАСШЫСЫ ОЛИМПИАДАШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Алдағы Токиода өтетін Жазғы Олимпиадаға қатысу үшін бір топ спортшылар лицензия алды. Олардың қатарында Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Виталий Худяков, грек-рим күресінен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, ұлттық құраманың мүшесі Мейрамбек Айнағұлов, еркін күрестен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, ұлттық құраманың мүшесі Нұрислам Санаев, еркін күрестен Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері Юсуп Батырмырзаев бар. Кездесуде облыс әкімі Оңдасын Оразалин "Сіздерге үлкен жауапкершілік жүктелген. Сіздер әлемдік деңгейдегі спорттық шараға қатысасыздар. Олимпиада ойындарында сіздер тек біздің облыстың ғана емес, бүкіл Қазақстанның атынан шығасыздар. Токиодан олимпиадалық медальдармен ораласыздар деп сенемін», — деп спортшыларға ойындарға дайындық кезінде қажет барлық көмек пен қолдау көрсетілетінін айтты.

Спортшылар ел сенімін ақтау үшін бар күш-жігерлері мен шеберліктерін жеңіске бағыттайтынына сендірді. Өткен жылы Covid19 коронавирусына қатысты әлемдік пандемия кесірінен Токиодағы Жазғы Олимпиада мерзімі бір жылға кейін шегерілген еді.

## ГЛАВА РЕГИОНА ВСТРЕТИЛСЯ С УЧАСТНИКАМИ ОЛИМПИАДЫ

Спортсмены получили лицензию для участия в предстоящих Летних Олимпийских играх в Токио. Среди них мастер спорта международного уровня Виталий Худяков, Заслуженный мастер спорта Республики Казахстан по греко-римской борьбе, член национальной сборной Мейрамбек Айнагулов, Заслуженный мастер спорта Республики Казахстан по вольной борьбе, член национальной сборной Нурислам Санаев, мастер спорта международного уровня по вольной борьбе Юсуп Батырмырзаев. В ходе встречи аким области Ондасын Оразалин обратился к спортсменам: "На вас возложена большая ответственность. Вы примете участие в спортивном мероприятии мирового масштаба. На Олимпиаде вы представите честь не только нашей области, но и всего Казахстана. Ждем вас с олимпийскими медалями из Токио». Он также отметил, что спортсменам в ходе подготовки будет оказана полная поддержка.

В свою очередь участники Олимпиады обещали показать все свои спортивные навыки для победы. В связи с пандемией из-за коронавируса COVID-19 сроки проведения Летней Олимпиады в Токио были перенесены на год позже.

## THE HEAD OF THE REGION MET WITH THE PARTICIPANTS OF THE OLYMPIAD

Athletes have received a license to participate in the upcoming Summer Olympics in Tokyo. Among them are the master of sports of international level Vitaly Khudyakov, Honored Master of Sports of the Republic of Kazakhstan in Greco-Roman wrestling, member of the national team Meyrambek Ainagulov, Honored Master of Sports of the Republic of Kazakhstan in freestyle wrestling, member of the national team Nurislam Sanaev, master of sports of international level in freestyle wrestling Yusup Batyrmyrzaev. During the meeting, akim of the region Ondasyn Orazalin addressed the athletes: “You are entrusted with a great responsibility. You will take part in a sports event of a global scale. At the Olympics, you will represent the honor not only of our region, but of the whole of Kazakhstan. We are waiting for you with Olympic medals from Tokyo. " He also noted that the athletes will be provided with full support during the preparation. In turn, the participants in the Olympics promised to show all their sports skills to win. In connection with the pandemic due to the COVID-19 coronavirus, the dates for the Summer Olympics in Tokyo were postponed a year later.

Басты жаңалықтар Главные новости Main news



# IQANAT HIGH SCHOOL БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН АМЕРИКА ОҚУҒА ШАҚЫРУДА

Қазақстанда IQanat High Schoolof Burabay бірегей мектебі 2020 жылдың қыркүйегінде ашылған болатын. Бірегей білім ордасы жеке инвесторлдың қаражатына салынған. Инвестицияны BI Group құрылыс холдингі құйды. Мектептің ашылуы туралы Холдинг басшысы Айдын Рахимбаев Facebook парақшасында қуана хабарлады. «Еліміздің түкпір-түкпірінен келген 200 бала әп-сәтте қарапайым ауыл балаларынан беделді мекеменің оқушыларына айналды, біз олар үшін арнайы ойластырылып, тіккізген мектеп формасы жарасып-ақ тұр. Бұл балалар мыңның біріне берілетін мүмкіндікке ие болды және олар армандарындағы ең керемет мектепке грант ұтып, үздік өмірге секіріс жасады. Сондай ақылды балалар, қарап тұрып көзім қуанады.10-класс оқушыларына көшбасшылық жөнінде сабақ өткіздік. Гранттан өзге балаларға ақжелкенді қайық та сыйладық» деп жазды. Ал кеше Айдын Рахимбаев парақшасындағы жазбасында Iqanatтықтар оқу жылы аяғында тамаша нәтиже көрсетіп жатқанын, мектептің оқушылары халықаралық 41 оқу орнына шақыру алғанын сүйіншіледі. Шақыртушылар арасында Американың алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары бар. «Әсіресе Абай ауданынан келген ауыл баласы  Багдан Ясаковқа таң қалдық. Chicago университетінен шақырту алды. Бұл әлемдегі ең танымал зерттеу  университеті. Багдан одан басқа тағы 5 жоғары оқу орнынан шақырту алып отыр. Әкесі — дәнекерлеуші, анасы — аспаз, қарапайым жанұядан шыққан. Ағылшын тілін Youtube каналы арқылы өз бетінше үйренген. Ол қазір 10-класта. Таңдау жасауына бір жыл уақыты бар. Біздің Айқанаттықтардың ынтасы мен білімге деген құштарлығы қандай керемет, оларға дұрыс бағыт берсең болды, биік шыңдарға шығады!» деді бас қамқоршы.

Бұл мектепте ауылдан шыққан дарынды балалар тегін оқиды, олар алдын ала Олимпиада қорытындысы бойынша іріктелді. Балалар мектеп-пансионатта тұрып, білім алады. Олар үшін барлық қажетті жағдай жасалған.

# УЧЕНИКОВ IQANAT HIGH SCHOOL ПРИГЛАШАЮТ УЧИТЬСЯ В АМЕРИКУ

В Казахстане объединенная школа IQanat High School of Burabay открыта в сентябре 2020 года. Учебное заведение построено за счёт частных инвестиций строительного холдинга BI Group. Радостной новостью об открытии школы на своей страничке в Facebook поделился руководитель Холдинга Айдын Рахимбаев. «200 сельских учеников из разных уголков Казахстана в один миг стали обучаться в престижной школе. Им очень идет школьная форма, специально сшитая для них. Эти дети получили школьный грант и сделали большой прыжок в будущее, о котором мечтали. Такие умные дети.  Для учеников 10-классов провели урок лидерства», - написал он. Недавно Айдын Рахимбаев на страничке сообщил, что Iqanatовцы по итогам учебного года показали отличные результаты, ученики школы получили приглашения в 41 учебное заведение за рубежом. Среди выславших приглашения есть ведущие ВУЗы Америки. «Особенно нас удивил Багдан Ясаков из села Абай. Он получил приглашение из университета Chicago. Это самый известный исследовательский ВУЗ мира. Багдана пригласили еще в 5 других университетов. Отец его – сварщик, мать – повар, обычная семья. Английский язык мальчик учил самостоятельно, через Youtube канал. Он сейчас в 10 классе. Для принятия решения есть ещё 1 год. Наши Айканатовцы очень целеустремлённые, если дать верное направление – они окажутся на вершине!» - выразил свою заботу главный меценат.

В этой школе бесплатно обучаются талантливые дети из сел, они заранее отбираются по итогам Олимпиады. Ученики живут в школьном пансионате, получают знания. Для них созданы все необходимые условия.

# IQANAT HIGH SCHOOL STUDENTS ARE INVITED TO STUDY IN AMERICA

In Kazakhstan, the IQanat High School of Burabay was opened in September 2020. The educational institution was built at the expense of private investments of the construction holding BI Group. The head of the Holding Aydin Rakhimbaev shared the joyful news about the opening of the school on his Facebook page. “200 rural students from different parts of Kazakhstan began to study at a prestigious school in an instant. The school uniform specially made for them suits them very much. These children received a school grant and made the big leap into the future they dreamed of. Such smart kids. A leadership lesson was held for 10th grade students, ”he wrote.

Recently, Aydin Rakhimbaev on the page said that Iqanat students showed excellent results at the end of the academic year, the school students received invitations to 41 educational institutions abroad. Among those who have sent invitations are the leading universities in America. In this school, talented children from villages study free of charge, they are selected in advance based on the results of the Olympics. Pupils live in a school boarding house, receive knowledge. All the necessary conditions have been created for them. In the meantime, there is no need to know about it.

# ЛАТВИЯДА «DIMASH QUDAIBERGEN» ЖӘНЕ «MIUANIZ» РОДОДЕНДРОНДАРЫ ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Димаш Құдайбергеннің туған күніне орай 15-мамырда Ригада таңғажайып көрікті бұрыш ашылмақ. Оны ұйымдастырып отырған Димаштың латвиялық фан-клубы.

Dimash Latvia Dears бастамасымен өткен жылдың маусымында Латвиядағы рододендрондардың ең ірі еуропалық тәлімбағының бірі — Бабите-де  бірегей патша гүлдерінің екі жаңа сорттары — мәңгі жасыл «DIMASH QUDAIBERGEN» және Димаштың әжесі Миуа Низамутдинованың құрметіне  жапырақты «MIUANIZ» сертификатталған болатын. Жаңа гүл сорттарының авторы тәлімбақтың бас селекционері Гунита Рихстина.

Рододендрон саябағы — Латвия астанасы Риганың шетінде, қарағайлы орманда орналасқан ең әдемі демалыс орны. Енді мұнда жаңа сорт гүлдері композициясынан Қазақстан Республикасының бұрышы жасалмақ.

Бабите тәлімбағы 1980 жылдың шілдесінде құрылған. Шамамен 12 гектар жерде орналасқан саябақта аймақтағы рододендрондардың ең үлкен коллекциясы — 77 жабайы және 239 асыл тұқымды сорттары, оның ішінде 86 жергілікті түрі өседі.

Барлық латвиялық сорттар Ұлыбританияның Корольдік бау-бақша қоғамында тіркелген. Жыл сайын саябақты тамашалауға әлемнің әртүрлі елдерінен 25 мыңнан астам турист келетін көрінеді.

# РОДОДЕНДРОНЫ "DIMASH QUDAIBERGEN" И "MIUANIZ" БУДУТ ПОСАЖЕНЫ В ЛАТВИИ

В честь 30-летия независимости Казахстана и дня рождения Димаша Кудайбергена 15 мая в Риге откроется удивительный уголок. Его организовал латвийский фан-клуб Димаша. В июне прошлого года Dimash Latvia Dears инициировали высадку в одном из крупнейших европейских питомников рододендронов в Латвии Бабите двух новых сортов уникальных королевских цветов. Вечнозеленый «DIMASH QUDAIBERGEN» и листовой «MIUANIZ» в честь бабушки Димаша Миуы Низамутдиновой уже получили сертификат. Автор новых сортов цветов - главный селекционер питомника Гунита Ричстина.

Парк Рододендронов - самый красивый курорт в сосновом лесу на окраине столицы Латвии Риги. Теперь из новых сортов цветов будет создан уголок Республики Казахстан.

Бабитский питомник был основан в июле 1980 года. Самая большая коллекция рододендронов в регионе - 77 дикорастущих и 239 племенных сортов, в том числе 86 местных видов - произрастает в парке, которая расположена на площади около 12 га. Все латвийские сорта зарегистрированы в Королевском садоводческом обществе Великобритании. Ежегодно парк посещают более 25 тысяч туристов со всего мира.

# RHODODENDRONS "DIMASH QUDAIBERGEN" AND "MIUANIZ" WILL BE PLANTED IN LATVIA

In honor of the 30th anniversary of Kazakhstan's independence and the birthday of Dimash Kudaibergen on May 15, an amazing corner will open in Riga. It was organized by the Latvian fan club Dimash. Last June, Dimash Latvia Dears initiated the planting of two new varieties of unique royal flowers in one of the largest European rhododendron nurseries in Latvia, Babite. Evergreen "DIMASH QUDAIBERGEN" and leaf "MIUANIZ" in honor of Dimash's grandmother Miuy Nizamutdinova have already received a certificate. The author of new varieties of flowers is the chief breeder of the nursery Gunita Richstina.

Rhododendron Park is the most beautiful resort in a pine forest on the outskirts of the Latvian capital Riga. Now a corner of the Republic of Kazakhstan will be created from new varieties of flowers. Babite nursery was founded in July 1980. The largest collection of rhododendrons in the region - 77 wild and 239 breeding varieties, including 86 native species - grows in the park, which covers an area of about 12 hectares. All Latvian varieties are registered with the Royal Horticultural Society of Great Britain. More than 25 thousand tourists from all over the world visit the park annually.



## АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН АРАБ ТІЛІНЕ ЖОЛМА-ЖОЛ АУДАРМАШЫ

Мысыр еліндегі жетекші оқу орны – Каир университетінің қазақ тілі оқытушысы Рабиға Төлебай Қазақстан елшілігінің ұйымдастыруымен өткен әл-Фараби конференциясында «Абай» қорының «Абай» медалімен марапатталды. Оның бес жасында, 2001 жылы отбасы Алматыдан Египетке көшкен. Әкесі діни қызметкер, сонда оқуға түскен. Бүлдіршін қыз араб тілін балабақшада тез үйренген. 6-класта оқып жүргенде дін, араб тілі мен әдебиеті бойынша өте жақсы үлгерімде болған Рабиғаны білім деңгейін анықтайтын емтиханнан соң ұстаздары 11-класқа аттатып жіберген. Сөйтіп 14 жасында әлемдегі беделді оқу орны — Әл-Азһар университетіне түсіп, студент атанады. «Мысыр елінде 12 жылдық білім беру моделі қолданылады. 11-сыныпты бітірер кезде жарысқа қатыстым. Бұл жарыста топ жарсаң, университетке түсесің, ал жолың болмаса, 12-класта оқисың», — дейді Рабиға Turkystan.kz сайтының тілшісі Әлия Тілеужан қызына берген сұқбатында.

Каир университетінің студенттеріне қазақ тілін үйретуді Қазақстанның Египеттегі елшілігі ұсынған. Оның 35 студенті бар. «Араб тілінде де біздікіне ұқсас әріптер бар, бірақ дыбысталуы әртүрлі. Сондықтан практикада қазақ тілін көп қолдану үшін олармен көп сөйлесемін, елшілікте өтетін іс-шараларға шақырамын. Былтыр Абайдың 175 жылдығына орай өткен концертте ұлы ақынның өлеңін жатқа айтып, қойылымдарға қатысты», — деп Рабиға өз оқу әдісімен бөліседі. Рабиға Төлебай Ұлттық аударма бюросының тапсырмасымен Абайдың 148 өлеңін араб тіліне аударған. Өзі қызмет жасайтын Каир университетінде магистратурада оқитын 26 жасар бойжеткен бітіргесін Қазақстанға қайтып, туған елінде еңбек еткісі келеді.

## УСТНЫЙ ПЕРЕВОДЧИК ПРОИЗВЕДЕНИЙ АБАЯ НА АРАБСКИЙ ЯЗЫК

На конференции Аль-Фараби, организованной Посольством Казахстана в Египте, медалью "Абая" Фонда Абая была награждена преподаватель казахского языка Каирского университета Рабига Толебай. В 2001 году, когда Рабиге было 5 лет, семья переехала из Алматы в Египет. Отец девочки был преставителем духовенства и поехал туда учиться. В детском саду она быстро выучила арабский язык. Рабига преуспела в таких предметах как религия, арабский язык и литература. В 6-м классе сдала экзамен на определение уровня знаний. По его итогам учителя перевели девочку в 11-й класс. Так, в 14 лет она поступила в самый престижный университет мира - Университет Аль-Азхар и стала студентом. «В Египте действует 12-летняя модель образования. Когда я окончила 11 класс, приняла участие в конкурсе. Если ты выиграешь этот конкурс, поступишь в вуз, а если не повезет, будешь учиться в 12 классе», - рассказала Рабига в интервью корреспонденту https://turkystan.kz Алие Тлеужан.

Посольство Казахстана в Египте предложило преподавать казахский язык студентам Каирского университета. У неё 35 студентов. «У арабского языка похожие с нашими буквы, но они звучат иначе. Поэтому, чтобы использовать казахский язык на практике, я много с ними разговариваю и приглашаю на мероприятия в посольстве. В прошлом году на концерте, посвященном 175-летию Абая, подопечные прочитали стихи великого поэта и приняли участие в спектаклях», - поделилась методикой молодой преподаватель Рабига Толебай. По заказу Национального бюро переводов Рабига перевела 148 стихотворений Абая на арабский язык. Сейчас ей 26 лет. Учится в магистратуре Каирского университета, где она трудится. Она хочет вернуться в Казахстан и работать на родине.

## TRANSLATOR INTERPRETRESS OF ABAY'S WORKS INTO ARABIC

At the Al-Farabi conference, organized by the Embassy of Kazakhstan in Egypt, Rabiga Tolebay, a teacher of the Kazakh language at Cairo University, was awarded the Abai medal of the Abai Foundation. In 2001, when Rabiga was 5 years old, the family moved from Almaty to Egypt. The girl's father was a member of the clergy and went there to study. In kindergarten, she quickly learned Arabic. Rabiga excelled in subjects such as religion, Arabic language and literature. In the 6th grade she passed the examination to determine the level of knowledge. As a result, the teachers transferred the girl to the 11th grade. So, at the age of 14, she entered the most prestigious university in the world - Al-Azhar University and became a student. “Egypt has a 12-year education model. When I finished 11th grade, I took part in the competition. If you win this competition, you will enter a university, and if you are not lucky, you will study in the 12th grade, ”Rabiga said in an interview with the correspondent of https://turkystan.kz Aliya Tleuzhan.

The Embassy of Kazakhstan in Egypt offered to teach the Kazakh language to students of the Cairo University. She has 35 students. “The Arabic language has similar letters to ours, but they sound differently. Therefore, in order to use the Kazakh language in practice, I talk a lot with them and invite them to events at the embassy. Last year, at a concert dedicated to the 175th anniversary of Abai, the wards read the poems of the great poet and took part in the performances, ”the young teacher Rabiga Tolebay shared the methodology. By order of the National Translation Bureau, Rabiga translated 148 of Abai's poems into Arabic. She is now 26 years old. She is studying for a master's degree at the University of Cairo, where she works. She wants to return to Kazakhstan and work at home.

Partners

Жоғары сұранысқа ие сапалы кадр дайындау барысында болашақ жас мамандарды оқыту процесін жүргізе отырып, білік пен дағдыны бойларына сіңірген еңбекке құштар, бәсекеге қабілетті, ел нарығын көтеріп, ғылыми прогреске жетелейтін нағыз мамандар даярлап шығару жоғары білім саласының басты міндеті. Осы мақсатқа сай теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруды көздей отыра түрлі зертханалық аудиториялар мен зертханалық құрылғылармен жабдықтаймыз. Әйтсе де бұл жағдайдың сапалы кадр даярлау процесі үшін аздық ететіндігі белгілі. Сондықтан да білім беру процесінде сенімді және ең бастысы глобалды сұранысқа ие, серіктес бола алатын мекемелерді іздестіреміз, білімді болашақ мамандар даярлау процесін бірігіп атқара отырып, жемісті әрі оң нәтижелерге жеткізетін, болашаққа зор қадам баса алатын жолдарды қарастырамыз. Ел нарығында үлкен жұмыстар атқарып отырған, тәжірибесі зор өндірістік мекемелер мен зауыттар, фабрикалар және басқа да жан-жақты серіктестермен келісім-шартқа отырып, болашақ мамандарға барынша оңтайлы жағдайлар туғызуға ұмтыламыз.

Университетте қазіргі таңда оқу процесін бірлесіп атқарып, еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары сапалы мамандар даярлау барысын жемісті жүргізіп жүрген серіктес мекемелері аз емес. Оған мысал ретінде Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті мен «ҚазХром «Трансұлттық компаниясы» АҚ» арасындағы «Металлургия», «Тау-кен ісі», «Пайдалы қазбаларды байыту», «Көлік, көлік техникасы және технологиялар» мамандықтары бойынша бакалаврлар, магистрлер мен PhD докторларды дайындау бойынша серіктестік туралы шартын келтіруімізге болады. Бұл келісім-шарт бойынша тараптардың серіктестігі:

— екі тарап үшін де өзекті бағыттар бойынша білім беру және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде университеттің кәсіпорынмен өзара іс-қимылының тиімді тетіктерін әзірлеу және сынақтан өткізу;

— кәсіпорын үшін қазіргі заманғы талаптарға сәйкес жоғары кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау және қайта даярлау;

— бірлескен іс-шараларды, оның ішінде ғылыми және әдістемелік форумдарды, консультацияларды, көрмелерді, тұсаукесерлерді, б ос орындар жәрмеңкелерін, спорттық іс-шараларды өткізу;

— өзара қызығушылық тудыратын ақпаратты таратуға жәрдемдесу сияқты екі жақты мақсаттарды көздейді.

Серіктестердің әрқайсысы алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыра отырып, өз мүмкіншіліктерін толыққанды қолданып, екі



# Теория тәжірибемен ұштасқанда

жақты ғылыми базаны бірлесе пайдаланып, ортақ бағытта жұмыс істеуде. Әр тарап өзіне жүктелген міндеттерді орындайды. Университет білім беру процесін ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарында, Қазақстан Республикасының заңнамасында және университет жарғысында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырады. Ал «ҚазХром» Трансұлттық компаниясы АҚ сияқты серіктес университет білім алушыларын тәжіри-




беден өткізу үшін жағдай жасап,- университет студенттерінің өндірістік және дипломалды практикаларына басшылық етеді. Сонымен қатар «ҚазХром» Трансұлттық компаниясы АҚ университет кафедраларының филиалдарын ұйымдастыруға және олардың базасында мамандықтар бойынша дуалды білім беру жүйесінің элементтерін енгізуге ықпал береді. Университет студенттері компанияда оқу процесі графигі бойынша оқу, өндірістік және дипломалды тәжірибелерден өтеді.

Сонымен қатар магистранттар мен PhD докторларға ғылыми тағылымдамадан өту мүмкіншіліктері қарастырылған. Дипломдық және диссертациялық жобалардың тақырыптары кәсіпорын мен университеттің өзара келісімі бойынша таңдалады.

Университет пен өндірістік мекеме арасындағы келісім-шарт өте тиімді жұмыстардың жасалуына үлкен қозғаушы күш болғандығы ақиқат. Осы келісім-шарт бойынша әр жыл сайын университет студенттері, магистранттары мен PhD докторанттары өндірістік тәжірибелер мен ғылыми тағылымдамадан өтіп, теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыру мүмкіндіктеріне ие бола алды. Осы жылдың 12-24 сәуір аралығында ұйымдастырылған «Тау-кен ісі» білім бағдарламасы бойынша оқитын 2-курс магистранттарының ғылыми тағылымдамадан өтуі жайлы нақтырақ айта кетейін. Хромтау ауданы Хромтау қаласының маңында «Алмаз-Жемчужина», «Миллионное», «Первомайское» және Хромтау қаласынан оңтүстік бағытта, 1,5 шақырым қашықтықта «№21» хромитті кен орындары орналасқан. «Металлургия, тау-кен және мұнай-газ ісі» кафедрасының аға оқытушысы Сұлтанов Мұратбек Ғабитұлы мен кафедраның практик-маманы Көбенов Сағынбек Табылдыұлының жетекшіліктерімен «Тау-кен ісі» Білім бағдарламасы бойынша оқитын 2-курс магистранттары Дөң кенбайыту комбинатынан ДНК шахтасының «Мирный» карьері, «№21» кен орнында ғылыми тағылымдамадан өтті. Магистранттар шахта басшысы М.С.Мукашевпен кездесіп, Штольняға (Портал) түсіп, УПОР4 бастығы орынбасарының бастауымен толық жұмыс аумағымен танысты. Диссертация алдында ғылыми тағылымдамадан өткен магистранттар алған тәжірибелері нәтижесінде диссертациялық жұмыстарына қажетті жаңа материалдар мен мәліметтер жинады. Теория тәжірибемен ұштасқан осындай шаралар жаңаша кадр қалыптастыруға бірден-бір себепші фактор болары анық. Екі жақ үшін де өзекті бағыттар бойынша бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу жоғары ғылыми әлеуеті бар университеттің жетекші қызметкерлері мен өндірістік мамандардың қатысуымен, перспективалы білім алушылардың (бакалаврлардың, магистранттардың және докторанттардың) білім деңгейін арттыруға әкелетініне сенімім мол.

**Ақжарқын БАЛҒЫНОВА**
**Zhubanov University**
**Ақтөбе өңірлік университеті техника факультетінің деканы**
**техника ғылымдарының кандидаты**
**доцент**

## Басты жаңалықтар · Главные новости · Main news



# ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ БЕКЗАДАСЫ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанға еңбегі сіңген баспа қайраткері, қазақ поэзиясының бекзадасы Есенғали Раушанов ковидтен көз жұмды.

Арда ақын 1957 жылы 5-қазанда Қарақалпақ АКСР-інде дүниеге келді.1973 жылы Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Келінтөбе совхозындағы №192 орта мектепті бітірген соң, 1975–1977 жж. Кеңес әскери күштері қатарында Солтүстік Кавказ әскери округінде қызмет атқарды. ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. Өлеңдері 1973 жылдан бері жариялanып келеді. 1983 жылы «Бердәулет пен Жоламан» атты поэмасы Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Жазушылар одағы, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті мен «Жалын» баспасының озық шығармаларға жариялаған бәйгесінде бірінші орын алды. 1983–1987 жж. «Жалын» және «Арай» журналдарында поэзия бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, 1988–1995 жж. «Білім және еңбек» («Зерде») журналының бас редакторы қызметін атқарды. «Жазушы» баспасының директоры болды.

Өлеңдері орыс, литва, болгар, чех, украин, өзбек, қырғыз тілдеріне аударылған.

# ЯРКИЙ ПРЕДСТАВИТЕЛЬ КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ

Лауреат Государственной премии Республики Казахстан, Международной литературной премии «Алаш», кавалер ордена «Құрмет», Заслуженный издатель Казахстана, яркий представитель казахской поэзии Есенгали Раушанов скончался от ковид. Акын родился 5 октября 1957 года в Каракалпакской ССР. В 1973 году после окончания средней школы №192 совхоза «Келинтобе» Жанакорганского района Кызылординской области в 1975-1977 годах служил в рядах Советской Армии в Северо-Кавказском военном округе. Окончил факультет журналистики Казахского государственного университета. Его стихи издаются с 1973 года. В 1983 г. поэма «Бердаулет и Жоламан» заняла первое место в конкурсе на лучшие произведения, изданные Государственным комитетом по делам печати, полиграфии и книжной торговли Казахской ССР, Союзом писателей Казахстана, ЦК ЛКСМ Казахстана и издательства «Жалын». 1983–1987 годах работал руководителем отдела поэзии, ответственным секретарем журналов «Жалын» и «Арай», 1988–1995 годах занимал должность главного редактора журнала «Образование и труд» («Зерде»), был директором издательства «Жазушы». Его стихи переведены на русский, литовский, болгарский, чешский, украинский, узбекский и кыргызский языки.

# A PROMINENT REPRESENTATIVE OF KAZAKH POETRY

Laureate of the State Prize of the Republic of Kazakhstan, the International Literary Prize "Alash", Chevalier of the Order "Ormet", Honored Publisher of Kazakhstan, a prominent representative of Kazakh poetry Esengali Raushanov died of covids. Akin was born on October 5, 1957 in the Karakalpak SSR. In 1973, after graduating from secondary school No. 192 of the Kelintobe state farm, Zhanakorgan district, Kyzylorda region, in 1975-1977, he served in the ranks of the Soviet Army in the North Caucasian military district. Graduated from the Faculty of Journalism of the Kazakh State University. His poems have been published since 1973. In 1983, the poem "Berdaulet and Zholaman" won first place in the competition for the best works published by the State Committee for Printing, Printing and Book Trade of the Kazakh SSR, the Writers' Union of Kazakhstan, the Central Committee of the Young Communist League of Kazakhstan and the Zhalyn publishing house. From 1983 to 1987 he worked as the head of the poetry department, executive secretary of the Zhalyn and Arai magazines, in 1988–1995 he was the editor-in-chief of the Education and Labor (Zerde) magazine, and was the director of the Zhazushy publishing house. His poems have been translated into Russian, Lithuanian, Bulgarian, Czech, Ukrainian, Uzbek and Kyrgyz.

**Басты жаңалықтарды дайындаған**
**Айерке Сұлтанбекова**



# СЕМЕЙЛІК ПЕДАГОГ "ӘЛЕМ МҰҒАЛІМІ" СЫЙЛЫҒЫНА ҰСЫНЫЛДЫ

Семей қалалық №3 орта мектептің орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Мейрамгүл Жанаспаева беделді "Әлем мұғалімі" сыйлығына ұсынылды. Педагог байқауда жеңіске жетсе миллион доллар көлемінде сыйақы алады. Мейрамгүл Жанаспаева еліміздегі ең үздік он педагогтің бірі. Еңбек өтілі — 30 жыл, жоғары квалификациялық категорияға ие.

Ол оқу пәндерін экологиямен үйлестіретін бағдарлама жасап шықты. Соның себебінен қызмет жасайтын білім беру мекемесі "Республиканың үздік эко-мектебі" атағын алды.

Өткен жылы Мейрамгүл Жанаспаева «Қазақстан мұғалімі-2020» ұлттық сыйлығымен марапатталған болатын.

Қазіргі жедел ақпарат заманында қалыптасқан дүниетаным мен дағдыны өзгерту оңай емес. Бірақ Мейрамгүл Зарлықанқызы озық мұғалім ретінде асқан шеберлікпен жаңа бағыттарға қосылды. Ол уақытқа сай жаттықтырушы, тәлімгер, балалардың үлкен жүректі досы және мұғалім. Бұл мектепте жыл сайын істелінген жұмысты талдай отырып, оқушылардың мұғалімдер туралы пікірі жиналады. Оқушылардың 80%-дан астамы оны "сүйікті мұғалімім" деп атайды.

Педагог Мейрамгүл Жанаспаева мектептің стратегиялық дамуы жоспарына белсене ат салысады. Осыған дейін талай үлкенді-кішілі байқаулардың жеңімпазы. Республикалық "Жыл мұғалімі-2015" конкурсында жеңіске жетті. Өзінің кәсіби табыстарын оқушылары мен әріптестерінің қолдауымен байланыстырады.

"Әлем мұғалімі" марапаты мұғалім мамандығының беделін арттыру мақсатында тағайындалған.

# ПЕДАГОГ ИЗ СЕМЕЯ НОМИНИРОВАНА НА ПРЕМИЮ "УЧИТЕЛЬ МИРА"

Учитель русского языка и литературы городской школы №3 Семея Мейрамгуль Жанаспаева выдвинута на престижную премию "Учитель мира". Если педагог выиграет конкурс, получит приз в размере одного миллиона долларов. Мейрамгуль Жанаспаева в десятке лучших педагогов страны. Стаж её работы 30 лет, имеет высшую квалификационную категорию. Она создала программу сочетающую учебные предметы с экологией. Благодаря этому учебное заведение, где она работает, получило звание "Лучшая эко-школа Республики". В прошлом году Мейрамгуль Жанаспаева была удостоена Национальной премии «Учитель Казахстана-2020». Изменить мировоззрение и навыки в современную информационную эпоху непросто, но Мейрамгуль Зарлыкановна, как ведущий педагог с большим мастерством, приобщилась к новым направлениям. Она современный тренер, наставник, сердечный друг детей и учитель. Ежегодно в школе проводится опрос о мнении учеников об учителях. Более 80% учеников называют её "любимым учителем". Педагог Мейрамгуль Жанаспаева активно участвует в реализации планов по стратегическому развитию школы. До этого неоднократно становилась номинантом разных конкурсов. Победила в республиканском конкурсе "Учитель года - 2015". Свои профессиональные достижения связывает с поддержкой учеников и коллег.

Премия "Учитель мира" инициирована для поднятия статуса профессии педагога.

# THE TEACHER FROM SEMEY IS NOMINATED FOR THE "TEACHER OF PEACE" AWARD

Meyramgul Zhanaspayeva, a teacher of Russian language and literature at city school No. 3 of Semey, has been nominated for the prestigious "Teacher of Peace" award. If the teacher wins the competition, will receive a prize of one million dollars. Meiramgul Zhanaspayeva is one of the ten best teachers in the country. Her work experience is 30 years, she has the highest qualification category. She has created a program that combines academic subjects with ecology. Thanks to this, the educational institution where she works received the title of "Best Eco-School of the Republic". Last year, Meiramgul Zhanaspayeva was awarded the National Prize "Teacher of Kazakhstan - 2020". It is not easy to change the worldview and skills in the modern information era, but Meiramgul Zarlykanovna, as a leading teacher with great skill, has joined new directions. She is a modern coach, mentor, heart friend of children and a teacher, and every year the school conducts a survey about students' opinion of teachers. More than 80% of students call her "favorite teacher". The teacher Meiramgul Zhanaspayeva is actively involved in the implementation of plans for the strategic development of the school. Prior to that, she repeatedly became a nominee for various competitions. She won the Republican competition "Teacher of the Year - 2015". She connects her professional achievements with the support of students and colleagues.

The Peace Teacher Prize was initiated to raise the status of the teaching profession.



# ЖҰБАНОВШЫЛАР COVID-19 ДЕРТІНЕ ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯДАН ӨТУДЕ

Zhubanov University өңірлік университетінің профессор-оқытушы құрамы, қызметкерлері мен білім алушылары Студенттік емханада Covid19 дертіне қарсы вакцина қабылдап жатыр. Жуырда емханаға Ресейдің Николай Гамалей атындағы эпидемиология және микробиология ғылыми-зерттеу орталығы жасаған «Спутник V» вакцинасының біраз партиясы жеткізілген болатын.

«Спутник V» вакцинасына тән ерекшелік – оның адамның аденовирус векторына негізделген векторлық вакцина екендігінде. Векторлық технологияны Оксфорд университеті мен AstraZeneca вакциналарын өндірушілер де қолданады. Айырмашылығы Оксфорд ғалымдары қабықша ретінде шимпанзе аденовирусын пайдаланған. Тағы бір өзгешелік «Спутник V» өте аз төмен температурада сақталады және қолданар алдындаерітіледі, осыған байланысты бұл вакцинаны сақтау мен тасымалдау процесі жеңіл. Айталық, Pfizer-BioNTech вакцинасы өте төмен температурада (-80, -70°C) сақталуы керек.

Спутник V» коронавирусқа қарсы әлемде алғашқы тіркелген және небәрі 2 рет клиникалық сынақтан өткен вакцина болып отыр. Ресейдің тікелей инвестициялар қоры «Спутник V» вакцинасына бірден 50-ден астам елден сатып алуға өтінім түскенін хабарлаған еді.

Ресейдің өзінде жаппай вакцинация 5-желтоқсаннан басталды және ешқандай жағымсыз оқиғаларсыз өтіп жатыр.

Вакцинаны қолдану жөніндегі нұсқаулықта қарсы көрсеткіштерге вакцинаның кез келген компонентіне жоғары сезімталдық, анамнездегі ауыр аллергиялық реакциялар, өткір инфекциялық және инфекциялық емес аурулар, созылмалы аурулардың өршуі, жүктілік және емізу кезеңі жатады. Созылмалы бауыр және бүйрек аурулары, эндокриндік жүйенің ауыр бұзылулары (қант диабеті), қан түзу жүйесінің ауыр аурулары, эпилепсия, инсульт және орталық жүйке жүйесінің басқа аурулары, жүрек-қан тамырлары жүйесі аурулары, біріншi және екінші иммун жетіспеушілігі, аутоиммун аурулары, өкпе аурулары және аллергиялық реакциялары бар адамдардан вакцина алар алдында міндетті түрде дәрігер кеңесі талап етіледі. Тағы бір ескерту, вакцина 18-ден жоғары жастағы адамдарға ғана жасалады.

Жағымсыз әсерлеріне инъекция салған жердің ауырсынуы, тұмауға ұқсас синдром, дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, тез шаршағыштық және бас ауруы жатады және бұл белгілер қысқа уақыт ішінде жойылады деп көрсетілген.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «Вакцинация ерікті болады, яғни вакцинация алуға азаматтар өз еркімен келісім беруі керек», – деп түсіндірді. Студенттер емханасында жалпы еліміздегі сияқты вакцина алу тегін, сондай-ақ университет ұжымының отбасы мүшелеріне де вакцина алуға рұқсат. Иммун реакциясын күшейту үшін вакцина 3 апта аралығымен екі рет жасалады. Сондықтан вакцина алғаннан кейін адам сақтану шараларына өте мұқият болуға тиісті.

Өтіп жатқан маңызды шара туралы Студенттік емхана меңгерушісі Әлібек Қуашевтан ақпарат алған едік, азаматтарды мазалайтын көп сұраққа жауап берілген сияқты.

**Әлібек ҚУАШЕВ, Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінің Студенттік емхана меңгерушісі**



— Вакцина беру Қазақстан бойынша 12-сәуірден басталды. Біздің емханада қазір 380 доза беріп үлгердік. Оқу жылының аяғына, яғни маусым айына дейін барлығы дейін 6259 доза вакцина егеміз деп жоспарлап отырмыз. Пайдаланып жатқанымыз Ресейде жасалған, Қарағанды қаласында ампулаға құйылып, оралған «Спутник V» вакцинасы. Екі компоненттен тұрады. Компенеттерді алу арасы – 21күн. Одан әрі 42 күн өтуі қажет, сонда ғана ағзада Covid19 штаммына тұрақты түрде иммунитет пайда болады. Вакцинаның қарсы көрсеткіштері екі түрлі, абсолюттік және уақытша. Абсолюттік қарсы көрсеткіштерге 18 жасқа толмаған азаматтар жатады. Өйткені бұл жасқа дейін клиникалық зерттеулер жүргізілмеген. Сондай-ақ жүкті әйелдер мен емізулі сәбиі бар аналарға да вакцина берілмейді. Сосын ауыр түрдегі аллергиялық реакциясы бар науқастарға вакцина алуға болмайды. Қалған қарсы көрсеткіштер уақытша, оған онкологиялық аурулардың асқыну кезеңі мен емдеу кезі, инсулин алатын қан диабеті ауруларының инсулин алатын уақыты, инфекциялық аурулардың асқыну кезі кіреді, бірақ олар ем аяқталғасын қайта тексеріліп, вакцина алуларына болады.

Қазір дүние жүзінде 6 вакцина түрі бар. Ресейден 3 вакцина түрі шықты: «КовиВак» , «ЭпиВакКорона», сосын біз егіп жатқан «Спутник V» тауар маркасымен «Гам-Ковид-Вак», қытайлық «Sinopharm», америкалық 2 вакцина «Pfizer-BioNTech» және «Moderna». Тиімділігі жағынан ресейлік вакциналар мен америкалық вакциналар 90-95 пайыз аралығында жоғары көрсеткішке ие. Температуралық сақталу ережелерін айта кетсек, ресейлік вакциналарды сақтау оңайға түсуде, +2 , +8 градус аралығында тоңазтқышта сақтауға болады, қытай вакцинасына мұздатқыш керек, оның сақтау режимі -2 ,-8 градус аралығында, ал америкалық вакциналарды сақтау қиын, -15, -25 салқындықты талап етеді, «Pfizer» вакцинасына тіпті -70 градустан жоғары ауа температурасы қажет. Ол үшін арнайы мұздатқыштар керек. Сондықтан тиімділігі, сақталу ережесі, бағасы сияқты жақтарын ескергенде ең қолайлысы «Спутник V» вакцинасы. Елімізде 3 вакцина түрі пайдаланылмақ. «Спутник V» вакцинасының 1 млн.дозасын егу жалғасуда, маусым айында қазақстандық QazVac (QazCovid-in) вакцинасының 2 млн. дозасы қосылады. Сондай-ақ Қытайдың «Sinopharm» вакцинасының 5 млн.дозасы қолданылатын болады. Әзірге америкалық вакциналар салу жөнінде ақпарат жоқ. Себебі жоғарыда айтып өткен себептер, вакцинаны тасымалдау, сақтау және температураны үздіксіз бақылауды тиімді ұйымдастыру бағытында логистикалық жоспарлар мен құрал-дардың дайын еместігіне байланысты болуы керек.

Жалпы университет ұжымы вакцина алуға өз еріктерімен келіп, екі жылдан бері бар әлемді пандемия жағдайында ұстап тұрған қатерлі Covid19 індетіне қарсы күреске үлес қосып жатқаны қуантады.

**Дайындаған**
**Гүлнара Қараша**

**Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.**

**Газет айына бір рет шығады**

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

**Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті**

**Меншік иесі:**
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**Басқарма төрағасы-ректор м.а Рахым Бекназаров**

**Бас редактор**
Гүлнара Қараша

**Аудармашы**
Айерке Сұлтанбекова

**Дизайнер:**
Айгерім Нуршина

**Фотограф:**
Есет Саргузин

**Редакцияның мекенжайы:**
030000, Ақтөбе қаласы, Гришин көшесі, 7 «А» 337 бөлме

**E-mail:**
**gazetaZhU@mail.ru**
**Сайт: http://zhubanov.edu.kz**

**Facebook:** ZhU oblystyq gazeti

**Таралымы: 5000 дана**

**Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды**